

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ оптикалық талшықтар өндіру үшін бастапқы нысандардағы эпоксидті шайырлар мен полиуретандардың жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі кедендік әкелу бажы ставкаларын өзгерту туралы шешім қабылдайтын сезімтал тауарлардың тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 28 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық кеңестің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан позициялар алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына позициялар енгізілсін;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 71С ескертпемен толықтырылсын:

"^{71С}) Кедендік құннан 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 28 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 31.12.2020 дейінгі аралықта қолданылады."

2. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 16 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі кедендік әкелу бажы ставкаларын өзгерту туралы шешім қабылдайтын сезімтал тауарлардың тізбесінде:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 3907 30 000 0 коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"3907 30 000 1

-- оптикалық талшықтар өндірісі үшін⁵⁾

3907 30 000 9

-- өзгелері";

б) ЕАЭО СЭҚ ТН 3909 50 900 0 коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"3909 50 900 1

--- оптикалық талшықтар өндірісі үшін 5)

3909 50 900 9

--- өзгелері".

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайылов	Э. Асрандиев	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2020 жылғы 16 наурыздағы
№ 28 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қос. өл. бірл.
3907300000	– эпоксид шайырлары	–
3909 50 900 0	-- өзгелері	–

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2020 жылғы 16 наурыздағы
№ 28 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қос. өл. бірл.
3907 30 000	– эпоксид шайырлары:	
3907 30 000 1	-- оптикалық талшықтар өндірісі үшін ⁵⁾	–
3907 30 000 9	-- өзгелері	–
3909 50 900	-- өзгелері:	
3909 50 900 1	– – – оптикалық талшықтар өндірісі үшін ⁵⁾	–
3909 50 900 9	--- өзгелері	–

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің

**Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу
баждарының СТАВКАЛАРЫ**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құннан пайызбен не евромен не АҚШ долларымен)
3907 30 000 1	— — оптикалық талшықтар өндірісі үшін ⁵⁾	4 ^{71C)}
3907 30 000 9	— — өзгелері	4
3909 50 900 1	— — — оптикалық талшықтар өндірісі үшін ⁵⁾	6,5 ^{71C)}
3909 50 900 9	— — — өзгелері	6,5